

"Ақтау" портын қайта жаңарту жобасын (1-кезең) жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 5 мамыр N 707

"Ақтау" портын қайта жаңарту жобасын (1-кезең) жүзеге асыруды жеделдету және Европа Қайта жаңарту және Даму Банкінің 44 000 000 АҚШ доллары және 14 806 000 неміс маркасы мөлшеріндегі займы қаражатын, сондай-ақ 20 000 000 АҚШ долларына баламды мөлшердегі мемлекеттік бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жобаны қаржыландыруға бағытталған 64 000 000 АҚШ доллары мен 14 806 000 неміс маркасы сомасындағы қаражатты бөлу қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің осы Жоба бойынша қаржы және заң агенті болып табылады деп белгіленсін.

3. Бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ негізгі борышты, проценттерді және ілеспелі төлемдерді өтеу үшін жауаптылық жүктелетін "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны осы Жобаны қаржыландыруға бағытталған қаражаттың түпкі займшысы болып табылады деп белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Жаңарту және Дамыту Банкі арасындағы займ ("Ақтау" портын қайта жаңарту жобасы (1-кезең) туралы Келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 шілдедегі Заңымен бекітілген және халықаралық шарт мәртебесі бар Займ туралы келісімге сәйкес:

Европа Қайта жаңарту және Даму банкінің займы қаражатынан қаржыландырылатын, осы Жоба бойынша жеткізілетін тауарлар, орындалатын жұмыстар және көрсетілетін қызметтер қосылған құнға салық төлеуден және кедендік төлемдерден босатылады;

резидент еместің кірісі Европа Қайта жаңарту және Даму банкі займының қаражаты есебінен төлем көзінде табыс салығынан босатылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Европа Қайта жаңарту және Даму Банкінің займы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің несиесі бойынша негізгі борыштың, проценттердің және ілеспелі төлемдердің уақытында өтелуіне бақылауды жүзеге асырсын.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен және Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп 1997 жылдан бастап "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жылына кемінде 2,5 млн

тонна жүк айналымына мемлекеттік тапсырысты қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің келісімі бойынша "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Займ туралы келісім бойынша өзінің міндеттемесін орындауға мүмкіндік беретін тарифтер мен порттық алымдардың деңгейлеріне түзету жүргізісін;

осы Жобаны үйлестіруді және оның жүзеге асырылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті осы Жобаны жүзеге асыруды жалпы үйлестіруді және Европа Қайта жаңғырту және Даму Банкінің ережелеріне сәйкес тауарлар сатып алуды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді жүргізуге бақылау жасауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 5 мамырдағы
N 707 қаулысына
қосымша

N і р/сі	Санат	іЕКДБ траншының		іЕҚКДБ траншының		іҚазақстан	
		іАҚШ долларын-		інеміс маркасын-		іРеспубликасы	
		ідағы ақшалай		ідағы ақшалай		іҮкіметі	
		ісомасы		ісомасы		ітарапынан	
		і		і		іАҚШ доллары-	
		і		і		імен қаржы-	
		і		і		іландыру	
	1	і	2	і	3	і	4
1. Қалпына келтіру жұмыстары			33640 000,00		-		14 000 000,00
2. Қалпына келтіру			510 000,00		-		-

жұмыстары үшін
мен тауарлар

3. Жүктерді өңдеу үшін 3 000 000,00 13 806 000,00 -
жабдықтар сатып алу

4. Жер учаскесін сатып - - 6 000 000,00
алу

5. Консультациялық
қызметтер:

қалпына келтіру 2 000 000,00 - -
жұмыстары бойынша

келешектегі 400 000,00 - -
жобаларды әзірлеу
бойынша

6. Бір жолғы комиссия 540 000,00 - -

7. Бөлінбеген қаражат 3 910 000,00 1 000 000,00 -

Жиынтығы 44 000 000,00 14 806 000,00 20 000 000,00